



ПАВЛОДАР ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМІ
ПАВЛОДАР ОБЛЫСЫНЫҢ ТІЛДЕРДІ ДАМУ ТҮЖІНДЕГІ БАСҚАРМАСЫ
С. ТОРАЙҒЫРОВА АТЫНДАҒЫ ПАВЛОДАР МЕМЛЕКЕТТІК УНИВЕРСИТЕТІ
АКИМ ПАВЛОДАРСКОЙ ОБЛАСТИ
УПРАВЛЕНИЕ ПО РАЗВИТИЮ ЯЗЫКОВ ПАВЛОДАРСКОЙ ОБЛАСТИ
ПАВЛОДАРСКИЙ ГОСУДАРСТВЕННЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМ. С. ТОРАЙҒЫРОВА

*«Мемлекеттілікті нығайту
жағдайындағы тілдердің
қызмет аясы мен дамуы»
атты ғылыми-практикалық
конференцияның
МАТЕРИАЛДАРЫ*



*МАТЕРИАЛЫ
научно-практической конференции
«Функционирование и
развитие языков в условиях
укрепления государственности»*

1ТОМ

*Павлодар
13 желтоқсан 2005 ж.*

МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДІ ДАМЫТУДАҒЫ “ҚАЗАҚ ТІЛІ” ҚОҒАМЫНЫҢ РОЛІ МЕН МІНДЕТТЕРІ ТУРАЛЫ

М.М. Әбдірахманов
Павлодар облыстық “Қазақ тілі”
қоғамы төрағасы, Павлодар қ.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 7 – бабында “Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік тіл – қазақ тілі”, ал оның 93 –

бабында “Үкімет, жергілікті атқарушы органдар арнаулы заңға сәйкес Қазақстан Республикасының барлық азаматтары мемлекеттік тілді еркін өрі тегін меңгеруі үшін қажетті ұйымдастырушылық, материалдық және техникалық жағдайдың бәрін жасауға міндетті” деп көрсетілген. Қазақстан Республикасының “Қазақстан Республикасындағы тіл туралы” Заңының 4 - бабында осы жағдайлар кеңірек, нақтылана баяндалады.

Осы міндеттердің жүзеге асырылуына Халықаралық “Қазақ тілі” қоғамдық бірлестігінің де өзіндік үлесі болуы тиіс. Бұл жайында оның 2004 жылғы 11 қарашада болып өткен кезекті IV съезінде жан – жақты сөз болды. Олардан туындаған қорытындалар облыс әкімі Қайрат Нұрпейісов мырзаның қатысуымен 2005 жылдың ақпан айында облыстық конференцияда қаралды. Осы жиында Павлодар облыстық “Қазақ тілі” қоғамының хал-ахуалы, дәлірек айтқанда, ұйымды қаржыландыру мәселесі және оның алдағы болмысы мен атқаратын міндеттері туралы мәселелерге көңіл аударылды. Содан бері де біраз ізденістер мен ұсыныстар енгізілді.

Нақтылап айтсақ, қоғамның “Ертіс дидары” газетін шығаруға 650 мың теңге мөлшерінде қаржылай көмек беру мәселесі облыстық “Ана тілі” бағдарламасына енгізілді. Газетте облыстық “Ана тілі” бағдарламасына енгізілген іс-шараларды жүзеге асыру барысы және әдебиет, өнер, тарих, шежіреге байланысты материалдар, аудармашылар мен оқытушыларға арналған көмекші құралдар үзбей беріліп отыруы бағдарға алынған еді. Өкінішке қарай, міне содан бері толығынан бір жыл уақыт өтсе де, қаржы мәселесі әлі күнге шешілмей келеді. Сондықтан жыл барысында оның 2-3 нөмірі ғана жарық көрді. Ана тіліміздің қолдану аясын кеңейтіп, оны іс жүргізуге кеңінен қолдану мәселесінде газетімізге үлкен үміт артқан едік. Оны Павлодар облысы бойынша Тілдерді дамыту басқармасымен бірлесе отырып, айына екі рет шығару жоспарланған болатын. Газеттің облыс аудандары мен қалаларына таратылуы, ауыл, селоларға жеткізілуі де біршама ойластырылып қойылған еді. Алайда бұл шарамыз жаңағы айтылған себептерден жүзеге аспай қалды. Енді осы жағдай облыстық өкімшілік және тіл басқармасы мен оның жанынан құрылған “Ана тілі” орталығы тарапынан жете ескеріліп, газетті қаржыландыру мәселесі алдағы 2006 жылдың үлесінде болар деген сенімдеміз.

Үстіміздегі жылдың орта шенінде облыстық үйлестіру кеңесінің мәжілісінде, одан кейін облыс әкімі орынбасары Рысты Жұмабекова жүргізген арнайы тіл мәселесі жөнінде кездесу кезінде де біраз ұсыныстарымызға қолдау көрсетілетіні айтылған-ды. Мұнда басты назар жергілікті өкімдіктердің ықпал етуімен облыс қалалары мен ауданда-

рындағы “Қазақ тілі” қоғамы ұйымдарының жұмысын жандандыру мәселесіне аударылды.

Кезінде тіл жанашырлары осы қоғамдық ұйымда топтасып, мемлекеттік тілдің дәрежесін көтеруге үлкен ықпал еткен болатын. Бұдан 15 жыл бұрын “Қазақ тілі” қоғамы дүниеге келерде бұл іске мемлекеттік органдар, ондағы лауазымды азаматтар да белсене араласып, ұйымдастыру, қаржы, үй – жай мәселелерін оңтайлы шешіп берген еді. Өткен қараша айының 11-де С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінде аталмыш қоғамның Павлодар облысы ұйымының бірінші төрағасы Жеңіс Мардановтың туғанына 60 жыл толуы құрметіне арналған конференцияда өткен кезеңде атқарылған келелі істермен қатар әлі де шешімін күтіп, тежелісте қалған іс-шаралардың аз емес екендігіне көңіл аударылды. Жалпы алғанда, осы жылында көтерілген ономастика, топонимия, оқу, тәрбие, іс жүргізу т.б. ағымдағы көкейкесті мәселелерді ізін суытпай қолға алып, тер төге жұмыс жасауымыз керек деген ойдамыз.

Бүгінде облысық “Ана тілі” бағдарламасы бойынша 2007 жылы өлкемізде жаппай мемлекеттік тілде іс жүргізуге көптеу науқанына байланысты “Қазақ тілі” қоғамы белсенділерін бұл іске барынша жұмылдыру қажет деп санаймыз. Осындай тұжырым – талапты өткенде ұлттық орталықтардың жұмысын қараған әкімдіктің кезекті бір отырысында облыс әкімінің өз аузынан естідік. Мұндай талап қазірде республика деңгейінде де қойылып отыр. Олай болса, ендігі бөгелістің жөні жоқ, жергілікті жерлерде де бұл іске аса жауаптылықпен қарап, қолда бар мүмкіндіктерді барынша кеңінен пайдалану керек деп білеміз.

Қоғам мүшелері жалпы мемлекеттік тіл саясатына байланысты облыс аумағында өткізілетін іс – шаралардың бөріне дерлік қатысып келеді. Олардың ішінде аса маңыздыларына Жаяу Мұса Байжановтың туғанына 170 жыл толу мерейтойына арналған Баянауылда, республика деңгейінде өткізілген ақындар айтысын, Ұлы Абайдың 160 жылдығын тойлауға байланысты іс-шараларды, “Үздік аудармашы” атаулы облыстық байқаудың жеңімпазы Наталья Муштаеваның осы атаулы республикалық конкурста бірінші орынды жеңіп алуын айтуға болады. Бұдан басқа да келелі істер қатарына өз ынтымақпен ұйымдастырылған аудармашы – оқытушылардың біліктілігін арттыруға арналған мерзімі бір айлық, бағдарламасы 120 сағаттық курсты ерекше атап өтуге болар еді деп ойлаймыз. Мұнда аударма теориясы мен практикасы, тіл мәдениеті, оқыту теориясы мен әдістемесі, мемлекеттік тілде іс жүргізу және компьютерді игеру негіздерінен жоғары оқу орындарының ғылыми лауазымды ұстаздары дәріс жүргізеді.

Бүгінде осы курстарда Павлодар қаласы, Павлодар, Успенка, Шарбақты аудандарынан 140 тіл мамандары дайындықтан өтіп, тиесілі куәлік алып шықты. Бұл үшін өткен жылы арнайы кабинет жабдықталды. Қазіргі мүмкіндіктер одан да гөрі басымдырақ. Бұл орайда бізге Тілдерді дамыту басқармасы жанынан ашылған Мемлекеттік тілді оқыту орталығы қол ұшын беруде. Алдағы іс-шаралар осы орталықпен тығыз байланыста жүргізілмекші.

Жоспарымызда қазіргі тәжірибеде қалыптасқан мемлекеттік тілді жеделдетіп оқытуға арналған теориялық және методикалық жолдар мен әдістемелерді, көрнекі, техникалық, электрондық құралдарды кеңінен пайдаланып, қазақ тілін үйренем деушілерді ынталандырып, сан жағынан толығырақ қамту мәселесі тұр. Ол үшін осы орталықта қазірдің өзінде ағым талабына сай жабдықталған оқу кабинеті іске қосылды. Арнайы конференц-залы тағы бар. Газетіміз де осында дайындалып шығарылмақшы. Билік басындағылар қолдап, осындай жағдай жасап отырғанда, біз өз жұмысымызды саралап, жүйелеп, жаңа талаптар деңгейінде ұйымдастырып жүргізуге тиіспіз деп білемін.